

*Академияның Ғылыми Кеңесінің
2025 жылғы 28 наурыздағы
шешімімен бекітілген
№12 хаттама*

**«7M04119 – Мемлекеттік басқару»
магистратура білім беру бағдарламасы**

1. Бағдарламаның атауы: «Мемлекеттік басқару» магистратура білім беру бағдарламасы («7M041 – Бизнес және басқару» даярлау бағыты).

2. Оқу мерзімі: 1 жыл

3. Барлық кредиттер (ECTS): 63

4. Бағдарламаның сипаттамасы:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік секторларында әртүрлі басқарушылық лауазымдарда тиімді жұмыс істеу үшін мемлекеттік басқару саласындағы білік-дағдылар мен білімді дамытуға бағытталған, кәсіби мамандарға арналған бір жылдық магистратура бағдарламасы.

5. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: Халықтың әл-ауқатын арттыру жолында мемлекеттің стратегиялық және жедел міндеттерін шешуге бағдарланған мемлекеттік басқару саласының кәсіби мамандарын даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

- өзгерістерге жедел ден қою және тиімді шешімдер қабылдау үшін басқарушылық құзыреттерін дамыту;

- мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру бойынша құзыреттерді дамыту.

6. Бағдарламаның артықшылықтары:

- білім беру процесінде инновациялық, аналитикалық және басқарушылық қабілеттерін дамыту;

- шет тілінің тиісті деңгейін растайтын сертификат болған жағдайда Maxwell School of Citizenship and Public Affairs at Syracuse University (Америка Құрама Штаттары) шетелдік әріптес университетінде тағылымдамадан өту мүмкіндігі;

- жекелеген пәндерді оқыту үшін шетелдік және қазақстандық жетекші сарапшыларды, мемлекеттік басқару саласындағы тәжірибелі мамандарды тарту;

- әлеуметтік нетворкингті дамыту, әртүрлі министрліктер мен ведомстволардың басшыларымен өзара іс-қимыл, өзара оқыту (peer learning);

- мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдерінде оқыту.

7. Оқытудан күтілетін нәтижелер:

Қызметті басқару – нақты міндеттер белгілейді және стратегиялық мақсаттарға сәйкес тапсырмалар береді, ұжымды бөлімше алдына қойған міндеттерді сапалы және уақытылы орындауына бағыттайды, ол үшін қолайлы жағдай жасайды.

Тиімді коммуникацияларды құру – өзінің қызметін әріптестерімен үйлестіре біледі, коммуникацияға ашық, іскерлік ынтымақтастыққа дайын.

Этикалық нормалар мен қағидаттарды ұстану – әдеп кодексіне сәйкес кез келген жағдайда этикалық мінез-құлық ережелерін қатаң сақтайды, парасаттылық, адалдық, ізгі ниет, әріптестер мен мүдделі тараптарды құрметтеу қағидаттарын ұстанады.

Өзгерістерді басқару – ұйымдағы өзгерістерге оң көзқараспен қарайды, өзгерген жағдайға сәйкес өз әрекеттерінің тактикасын бейімдейді.

Нәтижеге бағдарлау – күрделі мақсаттар қояды және оларға қол жеткізеді.

Дербестік және шешім қабылдау дағдылары – мүмкіндіктерді, тәуекелдерді талдай алады, сондай-ақ ресурстарды есептей және жоспарлай алады, белгісіздік жағдайында тиімді әрекет ете алады.

Команданы басқару –ұжымды шабыттандыра және ынталандыра алады, жеке симпатия мен антипатиядан аулақ болу, өзара әрекеттесу және ынталандыру кезінде әріптестердің даралығын анықтай білу және есепке алу.

Көшбасшылық қасиеттер – ынта мен талантты, өз сенімдеріне деген сенімділікті көрсетеді, харизматикалық қасиеті бар, қарамағындағыларды ынталандыру үшін өзінің жеке басының күшін пайдаланады, қызметкерлерді ынталандырады.

Ынтымақтастық – қызметкерлерге өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдармен және ұйымдармен тиімді өзара іс-қимыл және серіктестік орнатуға бағыт бере алады.

Жеделдік – ұжымға жаңа басымдықтарды уақытылы жеткізеді, өзгерістерге уақытылы ден қою үшін тиімді шаралар әзірлейді, бөлімшені тиімді басқарады және ішкі, сыртқы өзгерістер кезінде нәтижеге қол жеткізеді.

Өзін-өзі дамыту –қызметкерлерді дамыту бойынша жүйелі шаралар қабылдайды, өзін-өзі дамытуға ұмтылысты өз үлгісінде көрсетеді.

Бастамашылық – мемлекеттік органның қызметін жетілдіру үшін жобаларға бастамашылық жасайды, қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдерді енгізу бойынша ұсыныстарды қарастырады және әзірлейді.

8. Бағдарламаның құрылымы және академиялық мазмұны:

Семестр	Пәннің атауы	БП/ ПП	ЖООК/ ТК	ECTS
1	Жазбаша коммуникациялар және көпшілік алдында сөйлеу	ПП	ЖООК	5
	Тиімді коммуникациялар және көшбасшылық	БП	ЖООК	2
	Мемлекеттік басқарудың ұлттық моделі	БП	ЖООК	4
	Мемлекеттік басқаруды зерттеу және талдау	ПП	ЖООК	6
	Кәсіби ағылшын тілі	БП	ЖООК	3
	Таңдау компоненті	БП	ТК	4
	<i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>			24
	<i>Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)</i>			7
	1-СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ			31
2	Стратегиялық менеджмент	ПП	ЖООК	3
	Сервистік аппарат және адамға бағдарланған басқару	ПП	ЖООК	2
	Цифрлық мемлекеттік басқару	ПП	ЖООК	2
	Мемлекеттік сектордағы қаржылық менеджмент және аудит	ПП	ЖООК	3
	Экономиканы мемлекеттік реттеу	ПП	ЖООК	3
	Саяси технологиялар	ПП	ЖООК	3
	<i>Өндірістік тәжірибе</i>			2
	<i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>			18
	<i>Тағылымдама</i>			2
	<i>МЭЗЖ</i>			4
	<i>Қорытынды аттестаттау (магистрлік жобаны рәсімдеу және қорғау)</i>			8
	2-СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ			32
Жалпы теориялық оқу + тәжірибе				42

Қорытынды аттестаттау (магистрлік жобаны жазу және қорғау)			8
<i>МЭЗЖ + тағылымдама</i>			13
ИГЕРУГЕ МІНДЕТТІ КРЕДИТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ			63